

Облыс әкімшілігінің "Бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарында мамандарды даярлаудың 2004-2005 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына (Әділет департаментінде 2004 жылғы 28 мамырда N 1697 болып тіркелген) өзгеріс енгізу туралы (2004 жылғы 29 сәуірдегі N 109)

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2004 жылғы 27 тамыздағы N 186 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 17 қыркүйекте N 1753 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № 01-30-1018 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012.07.11 № 01-30-1018 хатымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыс әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Облыс әкімшілігінің "Бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарында мамандарды даярлаудың 2004-2005 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 109 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында 9 тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

9. Жаңаөзен мұнай және газ колледжі				
2002002 Мұнай және газ кен орындарын пайдалану	50	9 сынып	қазақша	3 ж. 10 а.
	50	11 сынып	қазақша	2 ж. 10 а.
1814002 Мұнай және газ кен орындарының геологиясы және барлау	25	9 сынып	қазақша	3 ж. 10 а.
	25	11 сынып	қазақша	2 ж. 10 а.
3925002 Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы	25	9 сынып	қазақша	3 ж. 10 а.
Барлығы	150			

Облыс әкімі